

Штат санының лимиттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 ақпан N 214. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.01.11. N 39 қаулысымен. ~ P020039

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық Z952688_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) министрліктер, агенттіктер мен ведомстволар қызметкерлерінің штат санының лимиттері;
 - 2) министрліктердің, агенттіктер мен ведомстволардың аумақтық

органдары қызметкерлерінің штат санының лимиттері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 9 ақпандағы
N 214 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір
шешімдерінің тізбесі

1. "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 1433 P991433_ қаулысының 1, 2, 3 және 5-тармақтары.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 1433 және 1999 жылғы 8 қазандағы N 1540 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қарашадағы N 1797 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы.

3. "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарының штат санының лимиттерін өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 қарашадағы N 1815 P991815_ қаулысының 3-тармағының 2) тармақшасы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 1433 P991433_ қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 ақпандағы N 261 P000261_ қаулысы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 1433 және 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1872 P991872_ қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 ақпандағы N 306 P000306_ қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы.

6. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 421 P000421_ қаулысының 3-тармағының 1) тармақшасы.

7. "Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңесті құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 мамырдағы N 683 P000683_ қаулысының 7-тармағының 1) тармақшасы.

8. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің штат саны лимитін көбейту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 шілдедегі N 1805 қаулысы.

9. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Үкіметінің 2000 жылғы 11 тамыздағы N 1235 P001235_ қаулысының 2-тармағы.

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 1433 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1340 P001340_ қаулысы.

11. "Қазақстан Республикасы көлік-коммуникация кешенінің кейбір

мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3
қарашадағы N 1665 P001665_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың

4-тармағы.

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі
N 1433

P991433_

қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 1860

P001860_

қаулысы.

13. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1920

P001920_

қаулысының

4-тармағының 2) тармақшасы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 9 ақпандағы
N 214 қаулысымен
бекітілген

Ескерту. Реттік нөмірі 3, 6-жолдарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің

2001.04.24. N 547

P010547_

, 2-жолға өзгеріс енгізілді

2001.06.12. N 813

P010813_

, 5-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.09.22. N 1222

P011222_

, 1-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.11.23. N 1508

P011508_

, 10-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.12.21. N 1668

P011668_

, 3-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.12.28. N 1755

P011755_

қаулыларымен.

Министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың
аумақтық органдары қызметкерлері штат санының лимиттері

N	Атауы	Штат санының лимиті
!	Қазақстан Республикасының Әділет	551
!	министрлігі	

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 9 ақпандағы
N 214 қаулысымен
бекітілген

Ескерту. Реттік нөмірі 4-жолға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің

2001.04.24. N 547

P010547_

, 13-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.06.12. N 810

P010810_

, 3-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.06.12. N 813

P010813_

, 8-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.07.12. N 947

P010947_

, 12-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.08.02. N 1022

P011022_

, 7-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.09.22. N 1222

P011222_

, 5-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.10.28. N 1366

P011366_

, 2-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.11.23. N 1508

P011508_

, 4-жолға өзгеріс енгізілді -

2001.12.28. N 1755

P011755_

қаулыларымен.

Министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың
қызметкерлері штат санының лимиттері

N	Атауы	Штат санының лимиті
!	Қазақстан Республикасының Әділет	238
!	министрлігі	

соның ішінде:

- 1) Тіркеу қызметі комитеті 30
- 2) Санаткерлік меншік құқықтары жөніндегі 20
комитет
- 3) Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне 19
қарсы күрес жөніндегі комитет
- 4) Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті 167

<*>

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК